



МҰҚРАЖ- ҚАЗАЛЫ



№101
(2166)
Сәрсенбі
29 қараша
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ ҮШ АУЫЛДЫҢ ХАЛҚЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Бірнеше күннен бері ауылдарға ат басын бұрып, тұрғындармен кездесіп жүрген аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Майдакөл», «Ақжона» және «Алға» ауылдық округтеріне табан тіреді.

Қазалы ауданында жыл басынан бері атқарылған жүйелі жұмыстар аз емес. Оның үстіне биыл Қызылорда облысына 85 жыл, Қазалы ауданының құрылғанына 95 жыл толып отыр. Ал соның ая-

сында атқарылған шаруалар көңіл қуантады. Аталған үш ауылдың тұрғындарын мерекемен құттықтаған Мұхтар Әуесұлы алдағы жоспарларды тілге тиек етті.

Шешімін тауып келе жатқан мәселелерге ризашылықтарын білдірген Бекарыстан би және «Майдакөл» ауылдарының тұрғындары бұған дейінгі көтерілген мәселелерді назардан тастамауды сұрады.



Ал, Кеңес Одағының батыры Үрмәш Түктібаев атындағы ауылдың тұрғындары округке жаңа әкімдік ғимарат қажеттігін және электр желісі мен жолдың жайын баяндады.

Ұсыныс-пікірлердің қаперде болатынын айтқан аудан басшысы шешілу жолында барлық мүмкіндіктер жасалатынына тоқталды.

Үш ауылдың клубында өткен кездесулерде Мұхтар Әуесұлы ауданымыздың

әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азаматтарды Қазалы ауданының 95 жылдық төсбелгісімен марапаттады.

Айта кетейік, аудан әкімі Бекарыстан би аулына барған тұста округтің ескі және жаңадан бой көтеріп жатқан әкімшілік ғимаратын көріп, жұмысымен танысты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

● Қызылорда облыстық сотының құрылғанына – 85 жыл!

ОТАНДЫҚ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ



Ата Заңымыздың талабына сәйкес сот жүйесі билік тармақтарының бір түрі болып табылады. 2000 жылғы 25 желтоқсанда

қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы қабылданған болатын. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны, соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салатындығы туралы осы заңнамамен белгіленді.

Тарихтан әрі сыр шертер болсақ, Қызылорда облысы 1938 жылы облыс ретінде құрылса, сол жылы облыстық сот құрылып, сот төрелігін жүзеге асырған.

Өз кезегінде, мұрағат құжаттарында Қазалы аудандық халық соты 1924 жылы құрылғаны жөнінде

деректер бар. Алғашқы құрылған жылы сотта төрт адам жұмыс істеген. Бірақ нақты кімдер қызмет атқарғандығы туралы мәліметтер сақталмаған екен.

Қазіргі уақытта сот саласында сан түрлі жаңалықтар болып жатыр. 2021 жылы мамандандырылған соттар ашылса, 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құзыреті кеңейді. Істердің электронды нысанда қаралуы жолға қойылып, техникалық құралдардың барлығы автоматтандырылды.

Осындай жаңалықтардан Қазалы аудандық соты қалыс қалған емес. 2018 жылы заман талабына

сәйкес жарақтандырылған жаңа ғимаратқа көшіп, 2 сот залы электронды істерді қарау құрылғыларымен жабдықталды. Ғимаратта сонымен бірге, медиация, прокурор мен адвокаттар бөлмесі, күту залы ашылып, электронды табломен қамтамасыз етілді.

Сотта бүгінгі күні 3 судья сот төрелігін жүзеге асыруда. 1 судьяның орны уақытша бос.

Осы айтылғандардың барлығы отандық сот жүйесінің жетістіктері болып табылады. Осы жетістіктерге Қызылорда облыстық соты, оның ішінде Қазалы аудандық соты қалыс қалмай, өз үлесін қосып келеді.

Дәурен ӘБДІХАЛЫҚОВ,
Қазалы аудандық сотының төрағасы

● Қызылорда облыстық сотының құрылғанына – 85 жыл!

СЕКСЕН БЕС ЖЫЛДЫҢ БЕЛЕСІНДЕ

Т а р и х ы м ы з д а ғ ы құндылықтарымыздың бірі - даулардың әділ шешімі мен төрелігін кесіп айтқан билер соты болатын. Ежелден-ақ, қазақ халқы қара қылды қақ жарып, даудың әділдігін айтқан би-шешендерін қадірлеп, қастерлей білген.

Халық арасына іріткі саларлық жер дауы, жесір дауы өршігенде, ел шетіне жау тиіп, жаугершілік өрті күшейгенде, сонымен қатар, көрші елдермен байланыс жасап, түрлі қарым-қатынас орнатар шақта билер кеңесін шақырып, негізгі мәселелерді билермен ақылдасып, көпті көрген қазыналы қарттармен әрбір түйіннің шешімін тауып, реттеп отырған. Осылайша, қазақ даласының ұлағатты билері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған бай рухани мұра қалдырды.

Қазақ қоғамының билер соты тарих қойнауында қалса да, оның беделі мен мәртебесі бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Бүгінгі таңда Тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесі ата-бабамыздан келе жатқан би дәстүрінің негізінде құрылып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда өміршендігін көрсетуде.

Қызылорда облыстық соты өзінің тарихи негізін бабаларымыздың би дәстүрінен бастап, қазіргі уақытқа дейін Сыр өңірінде ұлттық құндылықтардың сақталуына, әділ төрелік етіп, халық арасында даулардың азаюына өзінің ерекше үлесін қосып отыр.

Билер дәстүрін берік ұстанған облыстық соттың қызметінің бастауы Қызылорданың жаңа облыс ретінде құрылуымен тұспа-тұс келеді. Яғни, Қызылорда 1938 жылы облыс ретінде құрылса, дәл сол жылы облыстық сот та өз жұмысын бастады. Осы уақыттан бастап және Тәуелсіздік алған жылдары қазақстандық сот жүйесі қалыптасудың іргелі кезеңдерін бастан өткеріп, сот жүйесінің отандық үлгісі қалыптасты. Өз кезегінде Қызылорда облыстық соты өзінің тарихи даму кезеңдерінен өтті.

Оң өзгерістер аясында соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен белгіленіп, сот құрылысы мен сот ісін жүргізудің бірыңғай тәжірибесі қалыптасты. Конституциялық заңнамалар аясында сот құзіретінің шегі кеңейіп, судьялардың тәуелсіздігі айқындалды. Қолданысқа жаңа институттар енгізіліп, жаңа заңдар қабылданып, судьялар корпусының тиімді қызмет етуі үшін барлық жағдай жасалды. Осындай іргелі жұмыстардың нәтижесінде, бүгінде Қызылорда соттары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, ұйымдар мен мемлекеттің мүдделерінің сотта тиімді қорғалуын қамтамасыз етіп отыр.

Реформалар негізінде Сыр өңірінде мамандандырылған соттар құрылып, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау шегі кеңейе түсті. Медиация институты қарқынды дамыды. Жыл сайын сотқа дейінгі тәртіпте және сот отырысы барысында бітімгершілікпен аяқталатын істердің саны артты. Әсіресе, неке-отбасылық, еңбек-құқықтық қарым-қатынастарда татуластыру рәсімдері кеңінен қолданылып, дауларды едәуір азайтуға оң әсер етті.

Қызылорда облыстық сотының бастамасымен өңірдің барлық соттарында билер кеңесі құрылып, қазыналы қарттарымыздың қатысуымен жергілікті халық арасында дауларды азайтуға, азаматтардың бітімгершілікке үндеуге аса көңіл бөлінді. Билер кеңесінің мүшелерінің қатарына аймаққа белгілі, өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдар, сот жүйесінің және құқық қорғау органдары ардагерлері, ұстаздар енгізілді. Олардың қатысуымен күрмеуі қиын даулар шешімін тапты.

Сексен бес жылдық тарихы бар облыстық сот тарихында білімі мен өмірлік тәжірибесі мол, адамгершілік, әділдік, ізгілік қасиеттерін биік қойған бірқатар заңгер-қайраткер ағаларымыз төрағалық және

судьялық қызметтерді атқарып, Қызылорда жерінде құқықтық мәдениеттің қалыптасуына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Сот жүйесін жаңа деңгейге көтере білді. Қызылорда сотының дамуына өзіндік үлесін қосқан ардагерлеріміздің баға жетпес еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Олардың әрқайсысы сот жүйесінің қалыптасуы мен отандық сот әділдігі жолында қалтқысыз қызмет етті.

Ардагерлеріміздің тәлім-тәрбиесін өнеге тұтқан кейінгі буын судьялар облыстық соттың беделін асқақтатып, заң үстемдігінің берік орнығуына және сот тәуелсіздігінің нығаюына белсене атсалысып келеді. Сексен бес жылда облыстық сот небір күрделі, тарихи маңызы бар, тағдырлы істерге төрелік етіп, халықтың мемлекетке, заңға сенім артуының негізіне айналды.

Елімізде сот жүйесін халыққа қолжетімді ету мақсатында біршама іргелі жұмыстар атқарылғаны мәлім. Заманауи ақпараттық технологияларды сот жүйесіне енгізу және оны жетілдіру сот билігінің беделін жоғарылатып, халық сенімін арттыруға өз септігін тигізді.

Халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында сот жүйесіне «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру», «SMS-хабарлама» сервисі, «QR-code» жүйесі тәрізді ақпараттық технологиялар пайдаланылады. Мұндай жаңашылдықтар халықтың сот жүйесінің қызметіне қолжетімділігін арттыра түсті.

Қазіргі таңда азаматтар мен заңды тұлғаларға «Сот кабинеті» сервисі өте тиімді. Кез-келген уақытта электронды түрде арыздарды, талап арыздарды, шағымдар мен өтінішхаттарды жолдап, сотпен шығарылған сот актілерімен танысып, олардың орындалу барысын қадағалай алады.

Қызылорда соттарының барлығы аудио-бейне жазба құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Сот отырысының зал-

дары аудио-бейне жазбасының жаңа жүйелерімен жасақталған. Бұл жүйе жазылған ақпаратты бұрмалауға жол бермейді. Сонымен қатар, сот отырыстарын мобильді қосымшаларының көмегімен қашықтықтан қарауға жағдай жасалған. Бұл сервистердің барлығы сот отырысына қатысушылардың уақытын үнемдеу үшін жасалып отыр.

Қызылорда облыстық соты тарихи даму жолында түрлі кезеңдерді бастан өткерді. Өткен жылы халқымызды дүр сілкіндірген қаңтар оқиғасында облыстық сот ғимараты бүлікшілердің әрекетінен жарамсыз күйге түскені белгілі. Десек те, аз уақыт ішінде сот ұжымының ауызбіршілігінің арқасында қарашаңырақ қайта жаңғырып, сәулеті келіскен Әділдік үйіне айналды. Қызылорда соттары орналасқан ғимаратқа сот жүйесінің – мемлекеттік биліктің бір тармағы екенін көрсетіп тұратын «Сот билігі сарайы» жазуы орналастырылды.

Сонымен қатар, Қызылорда облыстық сотының 85 жылдығына орай, сот тарихынан сыр шертетін кітап шығару жұмысы қолға алынып, облыс соттарының арасында «Үздік сот актісі», «Үздік сот кеңсесі» байқаулары, аудандық және оған теңестірілген соттардың судьяларының арасында құқықтық турнир ұйымдастырылып, өңірдегі мемлекеттік мекемелер арасында кіші футбол мен волейболдан спорттық сайыстар өткізілуде.

Ал, ең маңызды шара – Қызылорда облыстық сотының 85 жылдығына орай, ғылыми-тәжірибелік конференция және салтанатты шара 2023 жылғы 1 желтоқсан күні Қызылорда қаласында өткізілмек.

Алғаш құрылған уақыттан бастап осы кезеңге дейін Қызылорда облыстық соты заман талабына сәйкес үздіксіз жетіліп, отандық сот жүйесінің дамуына өз үлесін қосып келеді.

Әділхады ШЫҒАМБАЕВ,
Қызылорда облыстық
сотының төрағасы

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН

Мирамкул Асанова Қазалы аудандық сотына 1986 жылдың қазан айында сот хатшысы болып, 1991 жылы Қазалы аудандық сотының сот орындаушысы қызметіне тағайындалған. Осы қызметте жүріп 1991 жылы Талдықорған аң техникумының сырттай бөліміне оқуға түсіп, 1994 жылы «Заңгер» мамандығы бойынша диплом алған. Сот орындаушылық мемлекеттік қызметінде жүріп, 2002 жылы Қорқыт ата

атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің сырттай бөлімінде оқып, 2005 жылы сәуір айында «заңгер» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

2013 жылдың наурыз айында Сот актілерін орындау департаменті Қазалы аумақтық бөлімінің сот орындаушысы мемлекеттік қызметінен Қазалы аудандық сотының жетекші маманы лауазымына ауыстырылып, осы жылдың

қыркүйек айынан бастап Қазалы аудандық сотының бас маман – сот мәжілісінің хатшысы лауазымын атқарып, 2023 жылдың қараша айынан бастап зейнет демалысына абыроймен шыққан.

Мінсіз атқарған еңбегі бағаланып, бірнеше мәрте Қызылорда облыстық Соттар әкімшісі басшыларының Алғыс хаттарымен, Құрмет Грамоталарымен, Қызылорда облыстық сотының төрағасы

Қ.Нұрышовтың Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қатамасыз ету департаменті басшысының Құрмет грамотасымен, «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл», «II» дәрежелі, «III» дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен марапатталған.

Еркебұлан АМАНГЕЛДІ,
Қазалы аудандық сотының
жетекші маманы

● Қызылорда облыстық сотының құрылғанына – 85 жыл!

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ – СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ҚҰРЫЛЫМ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алғаннан кейін еліміздің сот жүйесінің алдында іргелі реформалар жүргізу, сот төрелігін жүзеге асырудың тиімділігін арттыру міндеттері тұрды. Себебі, құқықтық қарым-қатынастар уақыт алға озған сайын дами түсті. Құқықтық қатынастардың дамуы еліміздің сот жүйесінде судьялар одағының құрылуына алып келді.

Судьялар одағы құрылғаннан күннен бастап-ақ, Тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесін одан әрі жетілдіру бағытында қызмет атқарды. Судьялар одағының съездері өткізіліп, сот жүйесінің маңызды мәселелері көтерілді. Судьялар одағының бастамасымен еліміздің заңдарын жетілдіру, сот жүйесінде бірыңғай тәжірибе қалыптастыру, судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау аясын кеңейту, мамандандырылған соттар құру, судьялардың жүктемесін азайту сияқты өзекті мәселелер өзінің шешімін тапты.

Осылайша, судьялар одағының съездері сот жүйесінің өткір мәселелерін талқылайтын ашық алаңға айналды.

Судьялар одағының алғашқы съезінде құрылтайшылық құжаттар, жарғы, филиалдар мен комиссиялар туралы ережелер, судьяның мінез-құлқының этикалық кодексі қабылданды. Ал, екінші съезінде соттардың материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелері көтерілді. Бұл сот жүйесінің түбегейлі тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін аса қажет болатын. Осы жиында сот жүйесінің маңызды бағыттары айқындалып, соттарды мамандандыруға, судьяларды тағайындау кезінде ашықтықты қамтамасыз етуге, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Заңның қабылдануына алғашқы қадамдар жасалған болатын.

Судьялар одағының әр жылдардағы съездерінде алқабилер институтын құру, қылмыстық жазаны ізгілендіру, өлім жазасын орындауға мораторий енгізу, судьяларды іріктеу талаптарын күшейту, медиация институтын дамыту, электрондық технологияларға көшу бастамалары көтерілді. Сонымен қатар, судьялардың мінез-құлықтарының жаңа әдеп кодексі қабылданды.

Жалпы алғанда, судьялар одағының әр съезінде сот жүйесін жетілдіруге жарқын бастамалар көтеріліп, олардың барлығы іс жүзінде жүзеге асырылып, сот жүйесінде оң өзгерістер орын ала бастады.

Судьялар одағының VIII съезінде өңірлердегі соттардың судьяларын бірдей жүктемемен қамтамасыз ету үшін «эксаумақтық соттылық»

қағидасын енгізу туралы айтылған болатын. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексіне «эксаумақтық соттылық» ұғымы енгізіліп, істі сот талқылауына дайындау сатысында тараптардың өзара келісімі бойынша аумақтық соттылықты өзгертуіне және өздері таңдауына мүмкіндік жасалды. Сот жүйесіндегі мұндай жаңашылдық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауды қалтқысыз жүзеге асыруға, тараптардың уақытын үнемдеп, өз таңдаулары бойынша соттарда істерді қарап, даулардың жан-жақты, объективті қаралуына оң ықпал етті.

Судьялар одағының тарапынан жүзеге асырылған сот жүйесін жетілдіруге арналған мұндай іргелі бастамалар жетерлік. Судьялардың ашық алаңында сот жүйесіне қатысты пікірлер мен ұсыныстар сарапқа салынып, озық идеялар ұсынылып, нәтижесінде, еліміздің соттарында жаңа жобалар жүзеге асып, сот жүйесі жыл озған сайын жетіліп келеді.

Айта кетерлігі, Қазақстанның судьялар одағы халықаралық судьялар қауымдастығының мүшесі болып табылады. Әлемдік деңгейдегі ұйымға мүше болу шет елдердің сот жүйесіндегі реформаларды білуге, өзара тәжірибе алмасуға, жаңашылдықтарды талқылауға, құқықтық жүйені дамытуға серпін береді. Шет елдік әріптестермен өзара пікір алмасып, олардың сот төрелігін зерттеп, әлемнің дамыған мемлекеттерінде енгізілген институттарды өзіміздің елімізде де жүзеге асыру – басты бағыттардың бірі болатын.

Соның айқын дәлелі – әкімшілік әділет институты. Бүгінде әкімшілік әділет институты дамыған елдердің көпшілігінде бар. Жария-құқықтық дауларды тиімді шешуге бағытталған бұл институт шет мемлекеттерде қоғамға қажеттілігін әлдеқашан дәлелдеген. Бұл тұрасында еліміздің Президенті Қ.Тоқаев: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде теңсіздік жағдайында қалып қояды» - деп, өткір мәселелердің бар екенін ашық айтып, теңсіздікті жою мақсатында әлем елдерінің көпшілігінде бар әкімшілік әділет институтын Қазақстанда да құруды тапсырған болатын. Соған байланысты, бүгінде Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодекс қабылданып, мамандандырылған әкімшілік соттар құрылып, өз жұмысын жалғастыруда. Бұл да – судьялар одағының алаңында талқыланған өзекті мәселелердің жемісін беруі деп есептеймін.

Айта кетерлігі, қазіргі уақытта

еліміздің барлық облысын-да судьялар одағының филиалдары жұмыс істеп тұр. Олар сот төрелігін іске асыруды ұйымдастыра отырып, қоғамдық маңызды жұмыстарды атқарып, сот жүйесінің дамуына өзіндік үлестерін қосуда.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының Қызылорда облыстық филиалы өз жұмысын «Қазақстан Республикасы судьялар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ережесіне сәйкес атқарып келеді. Сыр өңірінің бойында көптеген игі істер мен ілкімді жобаларға бастамашыл болып отыр.

Судьялар Одағы Қызылорда облыстық филиалы заңнамаларға енгізілген өзгерістер, еліміздің құқықтық саясаты, сот жүйесіндегі жаңашылдықтар тақырыбында құқықтық-насихат жұмыстарын жүргізіп, халық арасындағы дауды азайту мақсатында медиация институтының артықшылықтарын түсіндіріп, азаматтарды татулыққа, бірлікке шақыру бағытындағы шараларды тұрақты түрде жүргізіп отырады.

Осы мақсатта өткен жылы облыстық «Qyzylorda» телеарнасының «Өзекжарды» бағдарламасына Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында көрсетілген құқықтық жүйені жетілдіру мәселелері бойынша сұхбат берілді.

Сот жүйесінде қызмет атқару үлкен шыдамдылықты, төзімділік пен терең білімді талап етеді. Осы талаптардың үдесінен шыға біліп, сот жүйесінің дамуына үлес қосып келе жатқан судьялар мен сот қызметкерлері филиал тарапынан Алғыс хаттармен марапатталады. Одан бөлек, филиалдың ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында судьялар мен қызметкерлер арасында ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп, білегі күшті сот жүйесінің өкілдері марапаттарға ие болып, басқа да өңірлік спорттық сайыстарда оқ бойы озып, жеңіс тұғырынан көрініп жүр.

Сот қызметі ашықтыққа, жариялылыққа бағытталған. Сондықтан, сот жүйесінде бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны ерекше. Соттағы жаңашылдықтарды халыққа ұғынықты тілмен жеткізіп келе жатқан тілшілер қауымы қашан да құрметке ие. Бұл ретте заңдарға енгізілген өзгерістерді, сот жұмысын, соттағы жаңашылдықтарды белсенді түрде насихаттайтын Сыр өңірінің журналистері филиал атынан тұрақты түрде марапатталып отырады.

Адамгершілік, ізгілік, мейірімділік қасиеттерін берік ұстанған филиал мүшелері қайырымдылық шараларына да ерекше көңіл бөледі. Жыл сай-

ын қарттарға құрмет көрсетіп, мүмкіндігі шектеулі жандарға қол ұшын созып, көмек береді. Сонымен қатар, әлеуметтік жағынан төмен қамтылған отбасыларға, олардың балаларына жәрдемдесіп келеді. Осылайша, судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы сот жүйесінің оң бейнесін қалыптастыру жолында аянбай еңбек етуде.

Еліміздің сот жүйесінің тамыры тереңде жатыр. Қазақ халқының тарихында сот төрелігінің негізі – билер сотынан, әйгілі «Жеті жарғыдан» бастау алады. Ұлы даладағы ата-бабамыз ұстанған сот төрелігінің алтын қағидалары өзінің құндылығын жоймай, татулыққа негізделген қазіргі сот жүйесінің құрылуына тікелей ықпал етті.

Бабалардың төрелік айту дәстүрін берік ұстанған сот жүйесі бүгінде билер кеңесінің жұмысын жандандыруға басымдық берді. Қазіргі таңда барлық өңірде, оның ішінде Қызылорда облыстық сотында билер кеңесі құрылып, отбасылық, еңбек қарым-қатынасынан туындайтын дауларды, әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықтар санатындағы істерді қарап, азаматтарды татуластыруға, дауларды азайтып, араздасқан жандарды бітімге келтіруге атсалысуда. Бұдан бөлек, қалалық, аудандық соттарда да билер кеңесі құрылып, қоғамдағы дауларды азайтуға күш салуда. Билер кеңесі мүшелерінің қатарында ардагер ұстаздар, ақын-жазушылар, сот жүйесінің және құқық қорғау органдарының ардагерлері бар.

Сот жүйесіндегі оң бастамаларды жүзеге асыруға белсене араласып, құқықтық мәдениетті арттыруға атсалысып жүрген судьялар одағының облыстық филиалы биыл Қызылорда облыстық сотының 85 жылдығына байланысты ілкімді іс-шараларды ұйымдастыруда. Атап айтқанда, облыстық соттың тарихынан сыр шертетін кітапты жарыққа шығаруға атсалысып, облыс соттарының арасында «Үздік сот актісі», «Үздік сот кеңсесі» байқауларын, мемлекеттік мекемелер арасында кіші футбол мен волейболдан спорттық сайыстар өткізуде.

Осылайша, Қазақстанның судьялар одағының Қызылорда облыстық филиалы сот жүйесінің оң имиджін қалыптастыруға атсалысып, облыстық соттың сот төрелігін жүзеге асыруын ұйымдастырып, қоғамдық-мәдени шараларға бастамашыл болып, заң үстемдігін, адамның құқықтарын алдыңғы орынға қоятын сот жүйесін дамытуға ерекше үлесін қосып отыр.

Мұхтар ЕРКІНБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Судьялар Одағының
Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуге қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі

шегінде бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық және құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің бейбітшілік деңгейінің, әдептілігінің төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы саулауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға тарау жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке

қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің бағдары іспеттес. Шыныда да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Елбасы Жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі Жолдаудағы тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.

**Серік
ӨМІРЗАҚОВ,
Келарық
ауылдық округінің
әкімі**

ЕЛ АРДАҚТАҒАН ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

№25 орта мектептің байырғы ұстазы Нұғыман Әбдіразақовты «Аранды», Қожабақы аулының естияр азаматтары түгел біледі деп ойлаймын. Ұстазымыз ұзақ жылдар бастауыш кластарға сабақ берді. Балғын жастарға сабақ беру үрдісі де өзгешелеу болатын. Ақынжанды ағамыз ерекше қабілетімен балғындарды сабаққа ынталандыра білетін. Үйірмелерге қатыстыра отырып, әр оқушы баланың қарым-қабілетін ұштай түсетін. Ағайдың сабақ беретін класы үнемі озаттар қатарынан көрінетін. Шәкірттері де ұстаздарының айтқанын екі етпейтін. Ұжымдастары да үлгілі ұстазды ерекше құрмет тұтатын. Нұғыман ағайдың шәкірттері бүгінде ауылдың ақсақалдарының қатарынан берік орын алған.

Нұғыман Әбдіразақов ұстазымыз шәкірттерімен қоса өз балаларына өнегелі тәрбие берді. Зайыбы Шекер Таласбайқызымен (ерте қайтыс болған), екінші әйелі Сәнімгүл Жөкеқызы екеуі жеті ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Асқар Алматыда жоғары оқу орнын бітіріп, Қызылорда, Түлкібастағы мектептерде ұстаздық қызмет етті. Қызы Зейнезайып №25 орта мектепте кітапханашы болып істеді. Күйеубаласы Жәнділда оқушыларға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Кіші қызы Ғажайып жоғары білімді ұстаз. Күйеубаласы Павлодар қаласындағы

мекемеде бас инженер болып қызмет атқарады. Өкініштісі, төрт ұлы Асқар, Мұхтар, Ғабит, Сәбит өмірден ерте озды. Ұл-қыздарынан Нұғыман ағайдың 39 немересі, 42 шөбересі, 12 шөпшегі бар. Жиен немерелері: Айгүл, Әсел, Әсем, Қуаныш, Дәрмен, Жандос жоғары оқу орындарын бітірген. Немерелері: Сейіл, Сырым, Мереке, Сағыныш, Нұрқожа, Бақыт, Еркін, Сымбат, Назерке, Назым жоғары білімді мамандар. Немересі Жанерке Оңтүстік Кореяның жоғары оқу орнына түсіп, оқып жатыр.

40 жыл шәкірттерін білімге баулыған ұстазымыз 1990 жылы 70 жасында ақтық мекеніне қоныс тепті. Ақындықты өміріне серік еткен Нұғыман Әбдіразақовтың өлеңдері кезінде аудандық, облыстық газеттерде жарияланып тұрды. Жақында ұрпақтары әкесінің баспасөздерде бұрын жарияланған өлеңдерін жинастырып, «Ұрпаққа ұлағат» атты естелік кітап етіп баспадан шығарды.

Түркістан облысының, Түлкібас ауданының «Құланды» елді мекенінде тұратын Нұғыман ағайдың кенже баласы Мекен мен келіні, қыздары, ұрпақтары ғасырдан астам жасаған әкесіне Қожабақы аулында ас берді. Ұрпақтарының имандылық істеріне алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

**Деменбай ӘМІРАШОВ,
ардагер ұстаз**

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

«Әкімшілік –аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес Қазалы ауданы, «Құмжиек» ауылдық округі, Қ.Пірімов аулындағы Ғ.Мұратбаев тұйық көшесін Әбу Қартабаевтың есімімен қайта атауға;

Қазалы ауданы, «Құмжиек» ауылдық округі, Қ.Пірімов аулының оңтүстік шетіндегі жаңа көшеге Байқоңыров Ықыластың есімін беруге байланысты жергілікті қоғамдастықтың жиналысы өткізілетіндігін хабарлаймыз.

Өткізілетін жері: Қ.Пірімов аулы, ауылдық клуб.

Уақыты: 2023 жылдың 25 желтоқсаны сағат 11-00.

**«Құмжиек ауылдық округі әкімінің аппараты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

(Газетіміздің келесі саны 6 желтоқсан, сәрсенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.